

2002 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 7 мамыр N 42-ө

2002 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру, олардың шығармашылық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қылмыс жасауының және қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) балалармен мәдени іс-шараларды өткізуге жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмек тарту есебінен 2002 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастырсын және өткізсін;

2) 2002 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссияларды құрсын;

3) барлық лагерьлер мен демалыс аймақтарының есебін жүргізсін, лагерьлерді заңнамаға сәйкес лицензиялауды қамтамасыз етсін және бос және иесіз лагерьлердің болуына жол бермей, оларды толық пайдалануға шаралар қабылдасын;

4) облыстардың, қалалардың және аудандардың ерекшеліктерін, экономикалық жағдайларын, ата-аналар мен балалардың ұйымдасқан демалысқа сұраныстарын ескере отырып, 2002 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысы, оларды сауықтыру және жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлесін және бекітсін;

5) бірінші кезекті тәртіппен жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылар, көп балалы, толық емес отбасылар балаларының, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, мүгедек балалардың демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

6) балалар мен жасөспірімдер күндіз болатын сауықтыру лагерьлерінің желісін дамытуға жәрдемдесін;

7) жалпы білім беретін мектептер, мектептен тыс ұйымдар жанындағы лагерьлерді, еңбек пен демалыс лагерьлерін және мектеп орманшылығын ұйымдастырсын;

8) еңбек заңнамасына сәйкес каникул кезеңінде жасөспірімдерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, олар үшін жеңіл еңбек бойынша жұмыс орындарын ұйымдастыру

жөнiнде шаралар қабылдасын;

9) жазғы каникул кезеңiнде барлық мектептен тыс ұйымдарда үйiрмелер жұмысын қамтамасыз етсiн;

10) балалардың өмiрi мен денсаулығын, олардың судағы қауiпсiздiгiн, сондай-ақ балалар сауықтыру ұйымдарында өртке қарсы қауiпсiздiктi сақтауды қамтамасыз етсiн.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келiсiм министрлiгi:

1) мәдениет ұйымдарының жазғы кезеңде балалар мен жасөспiрiмдер демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды өткiзуге қатысуын қамтамасыз етсiн;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында балалар мен жасөспiрiмдер жазғы демалысына, оларды сауықтыруға және жұмыспен қамтуға дайындық пен оларды өткiзу барысын жарияласын.

3. Қазақстан Республикасының Iшкi iстер министрлiгi:

1) балаларды тасымалдау қауiпсiздiгiн және балалар сауықтыру ұйымдарында қоғамдық тәрiптiң сақталуын қамтамасыз етсiн;

2) жазғы каникул кезеңiнде жолдар мен көшелерде балалардың жарақат алуын төмендететiн алдын алу шараларын қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлiгi:

1) жазғы сауықтыру ұйымдарының санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестiгiн тексерудi ұйымдастырсын, олар орналасқан жерлерде санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылықты қадағалаудың тиiстi деңгейiн қамтамасыз етсiн;

2) балалар мен жасөспiрiмдерге медициналық қызмет көрсетiлудi, оларды тамақтандыру мен сауықтырудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз етсiн.

5. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөнiндегi агенттiгi:

1) спорт ұйымдарының жазғы кезеңде балалармен және жасөспiрiмдермен жұмыс iстеуге қатысуын қамтамасыз етсiн;

2) балалар мен жасөспiрiмдер үшiн спорттық-бұқаралық, сауықтыру iс-шараларын өткiзудi ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөнiндегi агенттiгi

оқушылардың жазғы каникулы басталғанға дейiн балалар демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру орындарының өртке қарсы жай-күйiн тексерудi жүргiзсiн, олардың өрт қауiпсiздiгiн қамтамасыз етуге бағытталған iс-шаралар әзiрлесiн.

7. Осы өкiмнiң орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Бiлiм және ғылым министрлiгiне жүктелсiн.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК